

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

12.04.2023 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
орынбасары
А.С. Көлгіновке**

Депутаттық сауал

Құрметті Алтай Сейдірұлы!

Біз экономиканы реттейміз, саясатпен айналысамыз деп жүріп, идеология мәселесін естен шығармауымыз керек.

Мемлекет іргесінің берік болуы, халықтың баянды өмір сүруі үшін ең алдымен дәл осы идеология саласын реттеуіміз қажет. Оны бәріңіз білесіз!

Өздеріңізге мәлім, 8 сәуірде Астанада феминистердің шеруі өтті. Олар тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы митинг болады деген. Бірақ, олай болмады, жиналғандар әйел теңдігін айтудан бастап, соңында басқа нәрсені насихаттады. ЛГБТ жалауын жамылып жүргендер арасында өрімдей балалар, кәмелет жасына толмағандар да бар.

Жалпы, соңғы кезде еліміздің ақпараттық кеңістігінде біржыныстық неке, жынысты ауыстыру секілді мәселелер еркін насихатталып жатыр. Бұл істері Жаратушының да, табиғаттың да, адамзаттың да заңына қарсы.

Насихаттаушылардың артында Батыстың халықаралық ұйымдары тұрғаны да бәрімізге мәлім.

Ең сорақысы, гей-пропоганда қазір Астана мен Алматы секілді ірі қалалардың жекеменшік мектептерде де қарқынды насихатталып жатыр. Мұны сондағы оқушылардың әлеуметтік желідегі парақшаларынан ашық аңғаруға болады.

«Ауру батпандап кіріп, мысқылдап шығады» дейді атам Қазақ. Өкінішке қарай, біз сол ауруды қоғамға жұқтырып алдық. Бұл бәлкім идеологияның әлсіздігінен шығар. Енді қанымызға сіңіп кетпей тұрғанда дереу алдын алу шараларын қолға алу қажет.

Қазір менің осы депутаттық сауалымнан бізге қарсы пікірлер де көбейуі мүмкін.

Алайда менің осындай азаматтарға айтарым: ертең сіздің ұлыңыз келіннің орнына еңгезердей қызтекені үйге ертіп келсе, немесе аялап өсірген қызыңыз еркекшорамен «отау құрып» жатса, сіз батаңызды бересіз бе? Мұндай азғындық өз отбасыңызға келсе төзесіз бе?

ЛГБТ идеологиясы қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын тоз-тозын шығаруды көздейді деп білемін. Ал, дәстүрі мен руханиятынан айрылған ұлттың болашағы жоқ екені айдан анық. Ұлт құрыса – мемлекет құлайды.

Құрметті Төраға! Қадірлі әріптестер! Біз жастарымыздың тәрбиесіне селқос қарамай, қазірден қамдануымыз керек. Кеше алаңда ЛГБТ жалауын жамылып жүрген балалар бөтен емес, ол – сіздің де, менің де балам, ол – қазақтың қаракөздері. Бәле менің үйіме келмесе болды деп алаңсыз жүре алмаймыз. Келетін індет келіп болды, оның тамырына қазір балта шаппасақ, ертең бармақ шайнап қалатынымыз айдан анық.

Сондықтан, төмендегі ұсыныстарды шұғыл назарға алуды сұраймын:

- Митингке келген балалардың ата-аналарынан сұрау алынсын.
- Барлық платформаларда, соның ішінде әлеуметтік желілерде ұлттық мәдениетімізге сәйкес келмейтін фильмдер мен сериалдарды көрсетуге және насихаттауға тыйым салынсын.
- Теріс ағымдарды насихаттайтын ақпарат көздерінен сақтайтын заң нормалары жасақталып, Парламентке қарастыруға енгізілсін.
- Республика көлеміндегі барлық Жоғарғы оқу орындарында, мектептерде ұлттық құндылықтарды, мәдениетті насихаттау сабақтары оқытылсын.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің депутаттары**

**А. Назаров
Ж. Амантайұлы
Б. Базарбек
Қ. Бексұлтанов
Р. Зайытов
Қ. Иса
Д. Исабеков
Б. Керімбек
Е. Сатыбалдин
Е. Саурықов
С. Нұртаза**

*Орындаған: Қ.Қалимбекова
тел: 8/7172/746145*